

"Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама (құрылымдық бөлімшелердің қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерде, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттарда, бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау)

Алматы қ.

2024 жылғы "21" маусым

"Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) Басқарма төрағасының 2024 жылғы 10 мамырдағы бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес Жұмыс тобы 2022 жылғы 1 қаңтар - 2024 жылғы 10 мамыр аралығындағы кезең үшін Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерде, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттарда, бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Осы мақсатта бөлімшелер басшылары мен Қор бөлімшелерінен тыс қызметкерлер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама жүргізуге Бұйрықпен бекітілген Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттарға, бизнес-процестерге (бұдан әрі – тиісінше НҚА, ІРжӨҚ және БП) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қатысында ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары негіз болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Қор Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдістемелік ұсынымдар) және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа алды.

Ішкі талдауды жүргізу барысында Қор өз қызметін жүзеге асыратын негізгі НҚА келесі құжаттар екені анықталды:

1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;

2) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

3) "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

4) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

5) "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

- 6) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 7) "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 8) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 9) "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 10) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 11) "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 12) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 13) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 14) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 15) "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 16) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 17) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 18) "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- 19) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы №39 қаулысымен бекітілген Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы;
- 20) ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 129 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы;
- 21) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысымен бекітілген "7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру" ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасы (бұдан әрі – "7-20-25" бағдарламасы);
- 22) ҚРҰБ Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысымен бекітілген "Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы";
- 23) "Тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредиттеуді ынталандыру тәсілдері туралы" ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 123 қаулысы;
- 24) "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды,

Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы №248 қаулысы;

25) ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары (бұдан әрі – ҚРҰБ ТЖҚ сатып алу қағидалары);

26) "Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы №55-ө өкімі;

27) "Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларын, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдерін бекіту туралы" ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысы;

28) "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 наурыздағы №14 шешімімен бекітілген Бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидалары.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті жүзеге асыру кезінде Қор Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Қордың Жарғысын, ішкі регламенттеуші құжаттарын және Қордың Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Басқармасының шешімдерін басшылыққа алатынын атап өткен жөн.

Қызметте қолданылатын НҚА, ІРЖӨҚ және БП бойынша сауалнама жүргізу және талдау нәтижелері:

I. Талданатын кезеңде Қордың қаржылық есептілігіне 2021, 2022 және 2023 жылдардың қорытындылары бойынша аудиторлық тексерулер жүргізілді. Тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қорытындыларына сәйкес Қордың көрсетілген жылдардағы қаржылық есептілігі барлық маңызды қатынастарда Қордың қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ("ҚЕХС") сәйкес ақша қаражатының қозғалысын анық көрсетеді, ескертулер жоқ.

Респонденттің сыбайлас жемқорлық, инсайдерлік ақпарат, мүдделер қақтығысы терминдерін түсінуіне қатысты сауалнама мәселелері бойынша - респонденттердің 100%-ы дұрыс жауап берді, осылайша Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы

заңнамасында және Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарында пайдаланылатын арнайы терминологияны білудің жеткілікті деңгейін көрсетті.

Бөлімшелердің әрқайсысының қызметінде қолданылатын НҚА, ІРЖӨҚ және БП санамалауды, сондай-ақ аталған бизнес-процестер бойынша тәуекелдер жүйесін нақты құруды талап ететін сауалнама сұрақтары да респонденттерге қиындық келтірмеді.

II. Қызметкерлерді басқару процесінде, оның ішінде кадрларды іріктеу және олардың алмасуы шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша талдау барысында мыналар анықталды:

Кадрларды іріктеу кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Қорда "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының Қызметкерлерді іздестіру және іріктеу қағидалары бекітілді.

Аталған Қағидаларда Қорда кадрларды іздестіру және іріктеу қағидаттары, рәсімдері мен тәртібі белгіленген.

Кандидаттарды тарту Қордың веб-сайтында "Бос жұмыс орындары" бөлімінде тиісті лауазымдарға орналасу үшін білікті мамандарды іздестіру және іріктеу туралы хабарландыруды жариялау арқылы жүзеге асырылады.

Байқалған жәйттер:

Қызметкерлерді басқару процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау осы талданатын кезеңде келесі фактілердің жоқтығын көрсетті:

1) бос жұмыс орындары және оларға қойылатын біліктілік талаптары туралы ақпаратты Қордың интернет-ресурсында орналастырмау, уақтылы және/немесе толық орналастырмау;

2) біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау;

3) іріктеу кезеңдерін өткізу (бос жұмыс орны туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу) мерзімдерін регламенттеудің болмауы;

4) әңгімелесу және тестілеу жүргізу үшін мәселелерді қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы;

5) кандидаттар үшін тең емес жағдайлар жасау;

6) ІРҚ-да көзделген іріктеу рәсімдерін жүргізбей қызметкерлерді лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру;

7) алынып тасталмаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу;

8) мерзімінен бұрын алынып тасталған тәртіптік жазалар;

9) жұмыс нәтижелеріне қарамастан, қызметкерлерді Басқарма төрағасының және (немесе) мүшелерінің қалауы бойынша көтермелеу;

10) заңнаманы бұзған немесе оған жол берген, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзған немесе шектеген қызметкерлерге тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау.

Еңбек шартын бұзудың негізгі себептері қызметкерлердің жеке жағдайлары мен мүдделері болып табылады.

Қызметкерлермен жұмыс жүргізу басқармасы кадрларды іріктеу кезінде ықтимал мүдделер қақтығысын анықтаған жағдайда Комплаенс-бақылаушының сараптама жүргізуін регламенттеу қажеттілігі анықталды.

Қорытындылар:

Жалпы қызметкерлерді іріктеу және лауазымға тағайындау процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері барынша азайтылды. Кейбір ішкі процестерді ІРЖӨҚ-да реттеу бойынша жеке ұсынымдар бар.

Ұсынымдар:

"ҚОҚ" АҚ Қызметкерлерді іздестіру және іріктеу қағидаларында:

- бос лауазымға кандидаттарды іріктеу кезінде ықтимал мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда ҚЖБ маманының Комплаенс-бақылаушыға қорытынды беру туралы сұрату жіберу функциясын және Комплаенс-бақылаушының тиісті ұсынымды көрсете отырып, осындай қорытынды беру функциясын қарастыру;

- "ҚОҚ" АҚ Қызметкерлерді іздестіру және іріктеу қағидаларына қосымша болып табылатын ықтимал мүдделер қақтығысын ашу туралы нысанды кандидаттың жақын туыстарын көрсетуіне арналған бағанмен толықтыру.

III. Мүдделер қақтығысын реттеу процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:

Мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері "ҚОҚ" АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарында, "ҚОҚ" АҚ Корпоративтік басқару кодексінде, "ҚОҚ" АҚ Корпоративтік әдеп кодексінде регламенттелген. Мүдделер қақтығысын реттеуді мониторингілеу және бақылау жөніндегі жауапты қызметкер Қордың Комплаенс-бақылаушысы болып табылады. Басқарманың, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерге комплаенс-сараптама жүргізу кезінде Комплаенс-бақылаушы өз құзыреті шеңберінде ықтимал мүдделер қақтығысының бар-жоғына тексеру жүргізеді.

Байқалған жәйттер:

Мүдделер қақтығысын реттеу процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау осы талданатын кезеңде:

1) Қорда мүдделер қақтығысын реттеу рәсімдерін регламенттейтін құжаттардың бекітілгенін;

2) мүдделер қақтығысын реттеуді мониторингілеу және бақылау жөніндегі функциялар жүктелген қызметкердің бар екенін;

3) Қор қызметкерлерінің лауазымдық функцияларын орындауы кезінде олардың мүдделерінің қайшылығы туындаған фактілердің жоқ екенін көрсетті.

Қорытындылар:

Жалпы Қордағы мүдделер қақтығысын реттеу процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері барынша азайтылды.

Ұсынымдар:

Қазіргі уақытта қосымша ұсынымдар жоқ.

IV. Қордың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:

Қордың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ ТЖҚ сатып алу қағидаларының нормалары, сондай-ақ "ҚОҚ" АҚ-да тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі (бұдан әрі – ТЖҚ сатып алу тәртібі) қолданылады.

ТЖҚ сатып алу тәртібінің ажырамас бөлігі болып табылатын және бөлімшелер мен қызметкерлердің жүйелі іс-қимылдарын реттейтін "Тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі", "Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі", "Тікелей шарт жасасу тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі", "Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін және олардың маңыздылығы шамасын бағалаудың техникалық сипаттамасы мен өлшемшарттарын дайындау", "Шарт жобасын дайындау" технологиялық карталары енгізілді.

"Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мониторингін жүргізу тәртібі бекітілді.

Байқалған жәйттер:

Қордың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау осы талданатын кезеңде келесідей фактілердің жоқтығын көрсетті:

1) ұқсас немесе неғұрлым тиімді талаптары бар өзге ұйымдардан ұсыныстар болған кезде кейбір ұйымдармен бірнеше рет шарттар жасасу;

2) үлестес компаниялардың болуы, контрагенттің әртүрлі бейінді және өзіне тән емес жұмыстарды орындауы;

3) әлеуетті жеткізушілерден НҚА, ІРҚ мен шарттарда белгіленбеген құжаттарды талап ету;

4) контрагентке айыппұл санкцияларының болмауы немесе азайтылуы;

5) шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда санкцияларды қолданбау;

6) шартты орындау кезеңіндегі талаптарды елеулі түзетулер;

7) шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін контрагентке қатысты талап арызды уақтылы бермеу;

8) контрагенттер шарттық міндеттемелерді бұзған кезде кінәрат-талаптардан немесе сот талқылауларынан негізсіз бас тарту;

9) сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (заттай нормаларға) сәйкес келмеуі;

10) тауар бірлігі бағасының негізсіздігі;

11) тауарлардың нарықтық құнының жоспарланған құнға сәйкес келмеуі;

12) сатып алу жоспарын сатып алу порталында уақтылы орналастырмау;

13) сатып алуды бәсекелес жеткізушіге жатқызатын техникалық сипаттамаларда "қайрау" деп аталатын сипаттамалардың болуы;

14) сатып алуды қайта қарау немесе жою фактілерінің болуы.

Қорытындылар:

Жалпы Қордың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуы процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері барынша азайтылды.

Ұсынымдар:

Қазіргі уақытта жоқ.

V. Қордың контрагенттермен өзара іс қимыл жасауы процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша талданатын кезеңде негізгі қызметті іске асыру шеңберінде мыналар белгіленді:

Үшінші тұлғалардың Қор алдындағы міндеттемелерін орындамауының анықталған фактілері бойынша ден қою шаралары Басқарманың жекелеген шешімдерімен, Қор іске асыратын бағдарламалардың талаптарымен, сондай-ақ жасалған келісімдермен және шарттармен бекітілді және реттелді.

Байқалған жәйттер:

Талданатын кезеңде контрагенттердің жасалған шарттар мен келісімдер бойынша міндеттемелерді бұзу фактілері болды. Барлық жағдайда жауапты бөлімшелер мен Заң басқармасы ІРҚ-да және Қор Басқармасының шешімдерінде көзделген шараларды іске асырды.

Қорытындылар:

Жалпы негізгі қызметті іске асыру шеңберінде Қордың контрагенттермен өзара іс қимыл жасауы процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері барынша азайтылды.

Ұсынымдар:

Қазіргі уақытта жоқ.

VI. Қордың қаржылық орнықтылық бағдарламаларын және тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру бойынша негізгі бизнес-процестерін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қатысында ішкі талдау нәтижелері бойынша мынадай жәйт анықталды:

Операторы Қор болып табылатын бағдарламаларды тиімді іске асыру мақсатында тиісті ІРҚ бекітілді.

Ұсынымдар:

Әдістемені регламенттеу қажет.

VII. Ішкі бақылау рәсімдерін талдау нәтижелері бойынша Қордың бюджеттік және қаржылық қаражатының қомақты сомасымен операция жүргізуі кезінде мыналар атап өтілді:

Қордың барлық шығыстары Директорлар кеңесі бекіткен, "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының Даму жоспарын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларына, ҚРҰБ

еншілес ұйымдарының даму жоспарларын әзірлеу, бекіту қағидаларына¹, сондай-ақ бекітілген Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес әзірленген Қордың Даму жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Қордың Даму жоспарын, Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарын, сондай-ақ оларды жақсарту, орындау және бақылау жөніндегі ұсыныстарды уақтылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету мақсатында Қорда Бюджет комитеті құрылды.

Жоспарлау және бюджеттеу бөлімі (бұдан әрі – ЖББ) Қордың Даму жоспарының орындалуы бойынша мониторингті, бақылауды және есептілік қалыптастыруды жүзеге асырады.

Негізгі қызметті уақтылы қорландыру мақсатында Қор Басқармасы Ақша ағындарын басқару қағидаларын бекітті, "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының Ақша ағындарын басқару комитеті жұмыс істейді.

Байқалған жәйттер:

ЖББ шығыстарды бекітілген бюджетке сәйкестігі қатысында талдайды, әкімшілік-шаруашылық шығыстар да ЖББ-мен келісіледі. Талданған кезеңде бюджет қаражатының тиімсіз/орынсыз жұмсалуды фактілерін ЖББ анықтамады.

Қорытындылар:

Қордың бюджеттік және қаржылық қаражатының қомақты сомасымен операция жүргізуі кезінде құрылған процесті ескере отырып, осы бағыт бойынша ішкі бақылау рәсімдері жеткілікті түрде реттелді, сол арқылы Қор негізсіз шығыстар тәуекелін барынша азайту бойынша шаралар қабылдады деген қорытынды жасауға болады.

Ұсынымдар:

Қазіргі уақытта жоқ.

VIII. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:

Қордың ақпараттық жүйелерін әзірлеу және пайдалану мәселелері "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының Ақпараттық технологияларға қызмет көрсету қағидаларымен және өзге де ІРҚ-мен регламенттелген.

Байқалған жәйттер:

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану процесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау арқылы осы талданатын кезеңде келесідей фактілердің жоқтығы анықталды:

- 1) бір ІТ-жобаны қосарланған қаржыландыру;
- 2) Қордың ақпараттық жүйелерінің дамуына әсер етпейтін ІТ-жобаларды қаржыландыру;

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 27 наурыздағы № 20 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі акционері (қатысушысы, сенімгер басқарушысы) болып табылатын, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары.

- 3) әлеуетті жеткізушілер ретінде сатып алуға үлестес ұйымдар қатысқан кездегі жасанды бәсекелестік;
- 4) ақпараттық жүйелердің қайталануы;
- 5) ақпараттық жүйелердің ашық еместігі;
- 6) талап етілмеген ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалануға енгізілмеген ақпараттық жүйелерді пайдалану.

Сондай-ақ келесі жағдайлар анықталды:

- IT-жобаны қаржыландыруға қажетті нақты тізбенің/іс-шаралар жоспарының болмауы: талап етілмейді, Қорда ТЖҚ сатып алу ҚРҰБ ТЖҚ сатып алу қағидаларында және сатып алуды жүргізу мәселелерін регламенттейтін ІРҚ-да белгіленген рәсімдер бойынша жүзеге асырылады;

- қызметтер құнының негізділігін тексерудің жеке регламенттелген тетігінің болмауы, нарықта IT-өнімнің түпкілікті құнын жасанды түрде көтеруге ықпал ететін осындай әзірлемелердің болуы: талап етілмейді, Қорда тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу рәсімдері бойынша құнның негізділігін тексерудің жалпы тетігі бекітілген;

- зияткерлік меншік объектісі ретінде IT-өнім шартын тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу: сатып алу ҚРҰБ ТЖҚ сатып алу қағидаларының 1-тармағының нормасын ескере отырып жүргізілді;

- ақпараттық жүйелер аудитінің болмауы: барлық ақпараттық жүйелер штаттық режимде жұмыс істейді, аяқталған/ЭЦҚ-мен қол қойылған операциялар бойынша қолмен түзету мүмкіндігі жоқ, осыған байланысты аудит жүргізу талап етілмейді.

Қорытындылар:

Ақпараттық жүйелердің жұмысында қателер мен елеулі іркілістердің жоқтығын, сондай-ақ аяқталған (қол қойылған) операциялар бойынша қолмен түзету мүмкіндіктерінің жоқтығын ескере отырып, оларды пайдаланудағы тәуекелдер ең аз деген қорытынды жасауға болады.

Ұсынымдар:

Қазіргі уақытта жоқ.

ІХ. Қордың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша рәсімдерді ішкі талдау нәтижелері бойынша мыналар атап өтілді:

1) Қор қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беру фактілері анықталмады;

2) жеке немесе заңды тұлғалардың, оның ішінде БАҚ-қа, Қордың қызметкерлері мен лауазымды адамдарына қатысты заңсыз әрекеттері, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттері туралы шағым беру фактілері жоқ;

3) Қордың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері анықталмады;

4) Қор қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері жоқ;

5) ақпаратты Қор биржасының интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында уақтылы орналастырмау фактілері жоқ;

6) Қорда ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын бұзудың болуы немесе ықтимал болу мүмкіндігі фактілері туралы, сондай-ақ Қордың бөлімшелері басшылары мен лауазымды адамдары тарапынан әдепке жат мінез-құлық жағдайлары туралы ақпараттандыру арналары ұйымдастырылған: телефон нөмірлері (Қордың сыртқы веб-сайтында орналастырылған), электрондық пошта мекенжайы (Қордың сыртқы веб-сайтында орналастырылған), анонимді өтініштерді қабылдауға арналған жәшік (Қордың үй-жайында бейнекамералардың қолданылу аймағынан тыс орналастырылған);

7) талданатын кезеңде Қор қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары жүргізілді;

8) бөлімшелер басшыларының, сондай-ақ бөлімшелерден тыс қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін дербес жауапкершілік бөлімшелер туралы ережелерде және лауазымдық нұсқаулықтарда белгіленген (көрсетілген құжаттарда басшылар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату да көзделген).

Ұсынымдар жоқ.